

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары қызметкерлерінің қызмет бабындағы іссапарлары туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 22 қазан N 892. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.09.22. N 1428 қаулысымен. ~P001428

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Іссапарға шыққан қызметкердің:

тұрғын жайды жалдағаны және жол жүргені үшін шығыстары тапсырған құжаттарының негізінде өтеледі;

жол жүру билеттері мен мейманханадағы орындарды брондау, сондай-ақ поездарда төсек орынды пайдалану құнын растайтын құжаттары болған жағдайда өтелетін шығыстарға кіргізіледі;

қызметкерлер белгіленген тәртіппен тегін тұрғын жаймен пайдаланған кездерден басқа жағдайларда тұрғын жайды жалдау жөніндегі шығысы құжаттары берілмеген реттерде қызмет бабындағы сапарға, "сондай-ақ монтаждау, реттеу және құрылыс жұмыстарын орындауға барғанда берілетін тәуліктік нормасының 50 проценті мөлшерінде өтем жасалады;

іссапар орнына дейін және қайтадан тұрақты жұмыс орнына дейін жол жүру құжаттары болмаған жағдайда шығысы әуе, темір жол, су және жалпы пайдаланымдағы автомобиль көлігінің (таксиден басқаларының) ең төменгі құны бойынша өтеледі; <\*>

Бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына қызмет бабындағы іссапарларға жіберілген бірінші басшылар мен олардың орынбасарларынан басқа қызметкерлерге қымбат тұрғын жайды ("Жоғарғы-А" разрядты мейманханалардың жоғарғы санаттағы номерлерін, "Люкс"номерлерін) жалдауына байланысты шығыстарды өтеуге тыйым салынсын;

қымбат тұрғын жайды жалдау шығыстарын ерекше жағдайларда бірінші басшының жазбаша рұқсатымен өтеуге болады. <\*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды. Қ.Р.М.К. қаулысы 1994 ж. 15 тамыз, N 906.

<\*> (4-абзацта Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 27 қаулысы бойынша түзету енгізілді).

<\*> (осы қаулының 6-абзацының күші жойылған деп танылсын. (Қазақстан

Республикасының 1993 ж., 23 қарашадағы N 1175 қаулысына сәйкес).

2. Мемлекеттік бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері іссапарға бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының рұқсатымен жіберіледі. Бұл ретте бағыныстылық тәртібі бойынша жоғары тұрған ұйымға іссапарға жіберу осы ұйымның басшысының шақыруы бойынша немесе онымен арадағы келісім бойынша жүзеге асырылады.

3. Қызметкерлердің іссапарының мерзімін бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары белгілейді, бірақ оның мерзімі жол жүрген уақытын санамағанда 40 күннен аспауға тиіс.

Қызметкерлердің Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарын немесе басқа да мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарына, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің астаналарына іссапарларының мерзімі жол жүрген уақытын санамағанда 5 күннен аспауға тиіс. Іссапар мерзімін айрықша жағдайларда осы басқару органы басшысының жазбаша рұқсатымен 5 күннен аспайтын уақытқа ұзартуға жол беріледі. Тексерулер мен тексерістер жүргізуге арналған іссапарларының ұзақтығы осы тармақтың 1 парасына сәйкес анықталады.

Жөндеу кәсіпорындары қызметкерлерінің іссапарларының мерзімі 3 айдан аспауы керек. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ толықтырылды - ҚРМК-нің 1993.08.25. N 728 қаулысымен.

4. Министрліктер мен ведомстволар, бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының қызмет бабындағы іссапарларына арналған қаржылардың дұрыс әрі үнемді жұмсалуды үшін жауапкершілігі арттырылсын, осы мақсаттарға арналған қаржыны заңсыз немесе ысырапқорлықпен жұмсағаны үшін кінәлі лауазымды адамдар тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартылсын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қаржы министрлігінің қатысуымен екі ай мерзімде қолданылып жүрген нормативтік актілерге осы қаулыдан туындайтын өзгерістерді енгізу туралы ұсыныстар әзірлеп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі